

ДӘРІС № 5

**Тақырып: Популяциялық экология - демэкология.
Популяциядағы даралардың өзара қарым-қатынастары.**

Жоспары:

1. Популяциядағы жануарларлардың өзара тиімді түрішілік және тұраралық байланыстары.
2. Жануарлар популяциясының топ құрып тіршілік ету түрлері туралы сипаттама.
3. Популяциялық гомеостаз – популяцияның санын реттеу.

Түрішілік байланыстар.

ТҮРІШІЛІК ПАРАЗИТИЗМ – БҰЛ ӨЗ ТҮРІНЕ ЖАТАТЫН ДАРАНЫҢ ДЕНЕСІНІҢ ҮСТІНДЕ НЕМЕСЕ ІШІНДЕ ТІРШІЛІК ЕТУ. ЭКТОПАРАЗИТИЗМ ЖӘНЕ ЭНДОПАРАЗИТИЗМДІ АЖЫРАТАДЫ.


Канибализм – жануарлардың кейбір түрлерінің өз ұрпақтарымен қоректенуі.



Түрішілік агрессия - бұл өз түріне жататын дараларды қырып-жоюмен сипатталатын байланыс түрі.




Түрішілік бәсекелестік – дегеніміз бір түрге жататын организмдердің өзара қорек, тұрағы, көшбасшылыққа таласу т.б. жағдайындағы қарым-қатынастарының көрінісі.




Жыртқыштық – қорек, аумақ, т.б. ресурстар үшін бірін-бірі өлтіру, қуу, жеу арқылы көрініс береді. Жыртқыштық түрлер арасында болатын қарым-қатынастардың ең жоғарғы формасы.

Тұраралық бәсекелестік – дегеніміз екі түрге жататын организмдердің өзара қорек, тұрағы, т.б. ресурстардың жетіспеушілік жағдайына байланысты қарым-қатынастарының көрінісі.



Паразитизм – бір түр өкілінің екінші бір түр өкілін қорек немесе тіршілік ортасы ретінде пайдалану арқылы тіршілік етуі.



Қан сорғыш бит және афелинус жәндігі



Комменсализм – бір түрдің қоректік қалдығымен екінші организм қоректеніп отырып оған ешбір зиян келтірмейді. (мысалы; гиеналар арыстандардың ұстаған жемтігінің арқасында қоректенеді, немесе ірі балықтардың желбезегінде ұсақ балықтар қоректенуін жатқызуға болады.)

Амменсализм – бір популяция үшін қолайсыз болып табылатын өзара қатынастар. Мысалы, зең саңырауқұлақтарының бактериялармен қатынасы.

Мутуализм – әр түрге жататын организмдердің бір-біріне қолайлы жағдай туғыза отырып селбесіп тіршілік етуі.

Аллеопатия – организмдердің денесінен өзіне тән химиялық заттар шығару арқылы қарым-қатынас жасау жолы

Популяцияның этологиялық құрылымы

Жеке тіршілік ету - Популяцияның даралары бір-бірінен оқшауланып, бір-біріне тәуелсіз болып келеді. (мысалы, арыстанның аталығы).



Популяцияның этологиялық немесе мінез-құлықтық құрылымы.

Популяцияда даралар тіршілік жағдайлары мен өзіндік жеке ерекшеліктері бойынша бірнеше тіршілік күйлерін кешеді:

Жеке дара – жекелеген түрлердің негізгі популяциядан ауытқуы, оқшауланған тіршілік күйін кешуі. Тек белгілі бір жағдайларда ғана (көбею кезінде) уақытша жұп құрып, оңашалану.

Жұп құру – аналық және аталық екі дараның көбею кезінде, ұрпақ қалдыру кезінде жұптасып, қалған өмірлерін бірге өткізуі. Әдетте жұп құрайтын даралар ұрпақтарына қамқорлық көрсетпейді.

Жанұя – жұп құрудың күрделі түрі, яғни ата-аналық жұптар ұрпақтарын жарыққа шығарғаннан кейін де, ұрпақтары өсіп-өніп жетілгеннен кейін де оларға қамқорлық көрсетеді, бірге өмір сүреді.

Ата-аналық жұп - қысқа немесе ұзақ уақытқа, ал кейбір түрлерде - өмір бойына құрылу мүмкін. Әдетте, жұп құратын даралар ұрпақтары өскен кезде оларға қамқорлық көрсетпейді (мысалы, аққу, көгершін).



Отбасылық тіршілік ету – Ұрпақтары өсіп-жетілгеннен кейін де оларға қамқорлық көрсетеді, бірге өмір сүреді. (мысалы, Пингвиндер, аюлар).
Отбасылардың түрлері: аналық, аталық, аралас.



Топтасып өмір сүру формасы


ҚАУЫМ – ҰЗАҚ УАҚЫТҚА ЖАНУАРЛАРДЫҢ ҚҰСТАРДЫҢ
ТОПТАСУЫ. ҚАУЫМНЫҢ ЕКІ ТҮРІ БАР: ЖАЙ ҚАУЫМ (МЫСАЛЫ,
ШАҒАЛАЛАР) ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҚАУЫМ (АРАЛАР, ҚҰМЫРСҚАЛАР).



ҮЙІР –ЖАНУАРЛАРДЫҢ УАҚЫТША БІРІГУІ. МЫСАЛЫ:
ҚОНЫС АУДАРУ, АШТЫҚ КЕЗІНДЕ, ШАБУЫЛ ЖАСАУ.
(МЫСАЛЫ ҚАСҚЫРЛАР, ҚҰСТАР, БАЛЫҚТАР). ҮЙІРЛЕРДІҢ
ЕКІ ТҮРІ БОЛАДЫ: КӨШБАСШЫСЫ БАР ЖӘНЕ
КӨШБАСШЫСЫСЫЗ.



ТАБЫН – ҮЙІРМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ҰЗАҚ
УАҚЫТҚА ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ЖАНУАРЛАРДЫҢ
БІРІГҮІ. (МЫСАЛЫ: АНТИЛОПА ГНУ, ЛАБРАДОР
ТҮБЕГІНДЕГІ КАРИБУ БҰҒЫЛАРЫ)



Популяция ареалының көлемі көбінесе даралардың қозғалу қабілеттілігімен немесе жеке белсенділіктің радиусымен анықталады.

Космополиттер – жер шарының тірі ағзалар тіршілік ететін облыстарының көбісінде кездесетін жануарлар мен өсімдіктер түрлері.

Убиквисттер – ортаның әртүрлі жағдайларында тіршілік ете алатын, ареалдары үлкен болып келетін кең экологиялық валенттілікпен жануарлар мен өсімдіктер түрлері.

Эндемиктер – ареалдары кішкентай шектеулі болып келетін жануарлар мен өсімдіктер түрлері.

Популяцияның гомеостазы

ПОПУЛЯЦИЯ САНЫНЫҢ БІР ДЕҢГЕЙДЕ ҰСТАЙ ТҰРУЫ НЕМЕСЕ ҚАЛЫПТЫ ЖАҒДАЙДА БОЛУЫ **ПОПУЛЯЦИЯНЫҢ ГОМЕОСТАЗЫ** ДЕП АТАЛАДЫ.

